

А. УАЛИХАНОВА ¹, Р.Д. ДАРИБАЕВА ¹, К.К. ТОЛЕГЕНОВА ¹¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті

✉ e-mail: u_ainura@mail.ru

АУЛА КЛУБТАРЫ БАЛА ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕ: СҰРАНЫСТАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Қоғамның цифрландыру мен онлайн-коммуникация басымдыққа ие болып отырған қазіргі күнгі жағдайында заманауи балалар әлеуметтену мен тәрбиеде жаңа қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр. Гаджеттер мен виртуалды әлемге деген тәуелділіктің артуы өскелең ұрпақтың эмпатиясының, эмоционалдық интеллектісінің және құндылықты бағдарларының қалыптасуына кері әсерін тигізуде. Бұл зерттеу балалардың әлеуметтену үрдісі мен тәрбиесінде маңызды фактор ретіндегі аула клубтарының жетікші рөлін анықтауға бағытталған. Жұмыстың әдіснамалық негізі – бала тұлғасының дамуына қоршаған ортасының ықпалын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін орта тәсілі. Зерттеу аясында ғылыми әдебиеттерге, балалар мен жасөспірімдер бірлестіктерінің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық базаға кешенді талдау жасалды. Мұнан басқа, ата-аналардың және балалардың арасында олардың бос уақыттарын ұйымдастыру және онда кездесетін кедергілерге қатысты пікірлерін анықтауға бағытталған әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелер толыққанды және қызықты тынығуды ұйымдастыру үшін респонденттердің екі тобының пікірі бойынша да басты кедергілердің бірі – тұрғылықты жері бойынша мәдени-тынығу мекемелерінің жетіспейтіндігі екендігін көрсетті. Сонымен бірге балалардың әсіресе, спорттық секциялар мен шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыру бағытындағы аула клубтарының жұмысына деген жоғары қызығушылықтары бар екендігі анықталды. Мәліметтерді талдау негізінде аула клубтарының жағымды тәрбие ортасын қалыптастыру үшін маңызды, бірақ толыққанды бағаланбаған әлеуетке ие екендігі жайлы қорытынды жасауға болады. Олар әлеуметтік маңызды сапаларды дамытуда, сандық платформалардың кері ықпалына нәтижелі қарсы тұруда және балалар мен жасөспірімдердің тікелей микросоциумында толыққанды, өнімді бос уақыттарын ұйымдастыруда маңызды платформа бола алады. Мақала отбасын нығайту және жергілікті қауымдастықтарды дамытуды жүйелі мемлекеттік және қоғамдық қолдаудың қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: аула клубтары, әлеуметтік сауалнама, бос уақыт, мәдени-тынығу мекемесі, қосымша білім беру.

Кіріспе

Қазіргі күнгі сандық технологияларды дамытуға барынша назар аудара отырып қарқынды қарыштап келе жатқан қоғам жағдайында балаларды әлеуметтендіру мен олардың

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Уалиханова А., Дарибаева Р.Д., Толегенова К.К. Аула клубтары бала тәрбиесі жүйесінде: сұраныстары мен перспективаларын зерттеу тәжірибесі // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – Б. 202-213. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.16>

*Cite us correctly:

Ualihanova A., Daribaeva R.D., Tolegenova K.K. Aula klubbary bala tarbiesi zhuiesinde: suranystary men perspektivalaryn zertteu tazhiribesi [Yard Clubs in the Child-Rearing System: Experience in Researching Needs and Perspectives] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – B. 202-213. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.16>

Мақаланың редакцияға түскен күні 18.06.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

тәрбиесіндегі орын алып отырған қиындықтар қоғамда үлкен алаңдаушылықтар тудырып отыр. Балалар әлеуметтік желілерде смайликтер, қысқа хабарламалар, көп жағдайда жастардың арасында ғана түсінікті болатын жаргон сөздер және т.б. арқылы қарым-қатынас жасайды. Балалардың смартфондарға, гаджеттерге тәуелділіктері артуда және соның салдары ретінде эмпатия сезімі, жанашырлық, өзінің және өзгелердің өмірінің құндылығын сезіну жоғалуда. Ал бұл өз кезегінде өскелең ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу, қарым-қатынас жасау саласында түрлі қауіптерге әкелуі мүмкін.

Заманауи қоғам көптеген алаңдатарлық тенденциялармен бетпе-бет келіп отыр. Тек ересектер арасында ғана емес, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер арасында да агрессия мен зорлық-зомбылықтың, сондай-ақ кейбір жасөспірімдер тарапынан қатігездік көріністерінің артуы байқалуда. Жасөспірімдердің едәуір бөлігінің ересектер өміріне еліктеуінің артуы да байқалуда, ал бұл көбіне толысу туралы бұрмаланған түсініктердің қалыптасуына, ерте жүктілік пен деструктивті көріністерге (аутодеструктивті, гетеродеструктивті), сондай-ақ тіпті кіші жасөспірімдердің арасында балағат сөздердің кең таралуына әкеледі.

Зерттеушілердің пікірлері де бұл мәселенің өзектілігін дәлелдейді. Мысалы, В. Захариева агрессиямен байланысты бейнеконтенттердің басым бөлігін интернет желілеріне мектеп оқушылары мен ата-аналар жүктейтінін атап өтсе [1], М.П. Гурьянова қазіргі балалар ақпараттық қоғам жағдайында өсіп жатқанын, мұның олардың психикасына тұрақсыздық әкелетінін көрсетеді [2]. Ал А.В. Мудрик интернеттің киберәлеуметтену процесін туындатқанын, оның балалардың өмір саласына, тәрбие түрлеріне айтарлықтай әсер еткенін айқындады [3].

«Агрессиямен байланысты бейнеконтенттердің басым бөлігін интернет желілеріне мектеп оқушылары мен ата-аналар жүктейді. Дегенмен қоғамдық фокус негізінен мектеп басшылығы мен мұғалімдерге аударылады. Сонымен бірге мектептердегі агрессия барлық оқушыларда таралады. Ол тұрақты мәнге ие және көптеген факторлардың әсерінен орын алып жатады», - деп есептейді В. Захариева [1].

М.П. Гурьянова атап өткендей, «Қазіргі күнгі балалар ақпараттық қоғам, жариялылықтың дамуы жағдайында өсіп жатыр. Ересектер әлемі балалардың алдынан теледидар, баспасөз, интернет арқылы айқара ашылууда, осылайша ересектер әлеміне тән әлсіздіктер мен жамандықтарды ашық жариялай отырып, адамгершілік координаттардың жаңа жүйесін ұсынады. Балалар үшін тыйым салынған тақырыптар қалмады. Бұл жағдай әлі де тұрақсыз бала психикасын жаралайды, тіпті кейде оны бұзады. Экран, интернет әлемі позитивті сипаттағы ақпараттық, сауықтық, танымдық бағдарламалармен бірге зорлық-зомбылық, кісі өлтіру, азғындық көріністеріне толы, бұл балаларға еліктеу үшін лайықты үлгі бермейді, балаларды деструктивті, заңға қайшы мінез-құлыққа бағдарлайды» [2].

А.В. Мудриктің 2023 жылы жүргізген зерттеулері бойынша «балалардың, жасөспірімдердің, бозбалалар мен бойжеткендердің әлеуметтену факторларына, өмір салаларына, тәрбие түрлеріне (отбасылық, әлеуметтік, діни, дисоциалды, түзету) әсер ететін киберәлеуметтенуді тудырған интернет болды» [3].

М.П. Гурьянова өз еңбектерінде былай деп атап өтті: «Бүгінде дисгармониялық әлеуметтік орта, әлеуметтік тұрақтылықтың болмауы, басқарылмайтын хаос жағдайында адам үшін шағын қауымдастықтардың маңызы артып отыр, бұларда өмір сүру адамға қауіпсіздік сезімін, өз күшіне сенімділік береді, өйткені мұнда адам жайлылықты, тыныштықты, өмірге қанағаттануды сезінеді. Бүгінгі күні бір елді мекен тұрғындарының шағын әлеуметтік қауымдастықтары сияқты жергілікті қауымдастықтар балалық шақтың дамуында маңызды факторларға айналып отыр» [2, 8-б.].

М. Кеікһа және т.б. жүргізген зерттеудің нәтижелері теледидарды көп уақыт қарайтын балалар мен жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлыққа, соның ішінде: төбелеске, құрбан болуға және әлімжеттікке көбірек бейім болатынын көрсетті. Бұл нәтижелер өз отбасымен көбірек уақыт өткізетін және отбасы тарапынан қолдау алатын балалар мен жасөспірімдерде

мінез-құлықтық бұзылыстардың сирек кездесетінін көрсеткен алдыңғы зерттеулермен сәйкес келеді [4].

Жақында жүргізілген Норвегиядағы балабақшаларға арналған ұзақ мерзімді зерттеу нәтижелері ойын алаңдарының физикалық ерекшеліктері мен балалардың агрессиялық мінез-құлқы арасында байланыс бар екенін көрсетті. Авторлар балабақшалардың сыртқы аумағында «жасырын орындардың» көп болуы балалардағы бастапқы агрессия деңгейінің жоғары болуына ықпал ететінін, ал ересектердің шамадан тыс бақылауы агрессияның жас өсуімен төмендеу қарқынын баяулататынын анықтады. Бұл деректер балалардың бос уақытын ұйымдастыруда құрылымдық және тәрбиелік ортаның маңызы зор екенін, ал аула клубтарының педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалану арқылы агрессиялық көріністерді азайтуға мүмкіндік бар екенін дәлелдейді [5].

Осыған байланысты, заманауи жағдайда балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі ретінде аула клубтарының әлеуетін зерттеу өзекті. Аула клубтары – балалардың қызығушылықтарын ескеретін, шығармашылық және спорттық іс-әрекеттерді дамытатын, сондай-ақ отбасы мен жергілікті қауымдастықтың тәрбиелік рөлін күшейтетін әлеуметтік институт.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, зерттеу мақсатын келесідей айқындадық: балалардың әлеуметтенуі мен тәрбиесінде аула клубтарының сұраныстары мен перспективаларын айқындау. Ал зерттеудің міндеттері: балалардың бос уақытын ұйымдастырудағы қазіргі проблемаларды анықтау; ата-аналар мен балалардың аула клубтарының қызметіне деген қажеттіліктерін айқындау; сауалнама нәтижелері негізінде аула клубтарының тәрбиелік әлеуетін талдау; аула клубтарының жұмысын жетілдірудің перспективалық бағыттарын ұсыну.

Зерттеу әдістері және материалдар

Зерттеудің әдіснамалық негізі балалардың әлеуметтенуіне ортаның әсерін зерттейтін орта тәсілі (Г.М. Коджаспирова [6], Ю.С. Мануйлов [7]) болды. А.С. Макаренконың өзі «тәрбиешінің өзі емес, орта тәрбиелейді» деп жазған болатын [8, 525-582-бб.].

Ю.С. Мануйлов атап өткендей, «жағдайлардың ықпалымен қалыптасатын ортаның модальды мәні оны тәрбие кеңістігі мен тәрбие құралына айналдыру механизмінде орта тәсілінің тұтас технологиясын ұстап тұрған тетігі болады» [9, 22-23-бб.].

Сондай-ақ, жұмыста ғалымдардың еңбектерін монографиялық зерттеу, зерттеуге қатысушылармен сауалнама, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарды, нормативті құжаттарды және интернет-ресурстарды зерттеу әдістері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Нормативті құжаттарды талдау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында «Жастармен жұмыс саласын ұйымдастыру» 22-бабының 3 (7) тармағында: «Жастар ресурстар орталығы жұмысының негізгі бағыттары жастардың тұрғылықты жері бойынша мазмұнды бос уақытын ұйымдастыру, соның ішінде жасөспірімдер мен жастардың аула клубтарын ашу және қолдау көрсету болып табылады» делінгенін көрсетті. Осында 21-бапта былай делінеді: «Жастардың қызығушылықтарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін мәдени-сауықтыру, танымдық, денешынықтыру-сауықтыру, шараларын аймақтық (аудандық, қалалық, ауылдық) деңгейде өткізу үшін аула, шығармашылық, зияткерлік клубтар түрінде заңды тұлға құрмай-ақ жастар өкілдері құрады» [10].

Қазіргі күні балалармен және отбасылармен тұрғылықты жерлері бойынша (қалаларда да, ауылдық жерлерде де) әлеуметтік-тәрбие жұмысы, өкінішке орай, мемлекет тарапынан өздерінің әлеуметтік институттары үшін де және тұтастай қоғам үшін де басымдықтағы міндеттердің бірі ретінде мойындалмай отыр. Бұл осы бағыттың билік органдары тарапынан

ерекше бақылауда болмауына әкеледі. Дегенмен де, тәжірибе көрсеткеніндей, еліміздің барлық аймақтары тұтастай осындай көзқараста емес екендігі туралы факт бізге үлкен үміттер береді.

Қазақстанның көптеген қалаларында бастамашылдық аула клубтары жұмыс істейді, мұны әлеуметтік желілердегі ақпараттар дәлелдейді. Мысалы, аула клубтары Астана, Қарағанды, Шымкент, Тараз, Семей, Алматы және басқа қалаларда жұмыс істейді. Дегенмен, олардың саны өте шектеулі.

Мысалға, Шымкент қаласында осыдан 31 жыл бұрын 41 аула клубтары жұмыс істеген. Ал қазіргі күні Шымкент қаласы Білім басқармасының «Оқушылар сарайы» МКҚК жанында бар-жоғы алты аула клубы жұмыс істейді.

«Біздің аула клубтарына келушілер саны өте көп, - деп мойындайды Оқушылар сарайының балалармен тұрғылықты жері бойынша жұмыс бөлімінің меңгерушісі Айнаш Құдайбергенова. - Балалар жылдың кез-келген мерзімінде өте көп келеді, бірақ жаз мезгілінде біздің қызметтерге сұраныс ерекше артады. Дегенмен біз барлығын қабылдай беруге мүмкіндігіміз жоқ. Жақын жерде балалардың бос уақытын ұйымдастыру орталықтары жоқ болғандықтан, кейде үйірмелерге қатысу үшін балалар жарты қаланы жүріп өтеді. «Аула клубы» деген ұғымның өзі бала өзінің дене және рухани дамуы үшін бос уақытын өз ауласында пайдалы өткізу дегенді білдіреді».

Ақпарат көздері мәліметтері бойынша Астанада алғашқы аула клубтары 2014 жылы құрылған. 2022 жылы олардың саны 25-ке жетті.

Optimism.kz былай деп жазады: «Бүгінгі күні қалада 2500 шамасында тәрбиеленушілерді қамтыған 10 аула клубы жұмыс істейді. Бұл негізінен тұрғындардың осал топтарынан шыққан балалар мен жастар. «Алматы» ауданында 4 клуб жұмыс істейді: «Қыран», «Жасқанат», Тахтау. «Сарайшық» ауданында «Армандастар» клубы жұмыс істейді. «Байқоңыр» ауданында «Бәйтерек» клубы жұмыс жасайды. «Есіл» ауданында «Ақжол» клубы жұмыс істейді. «Сарыарқа» ауданында 3 клуб жұмыс істейді: «Динамо», ProFit, SABAT FIGHT CLUB. «Нұра» ауданында «Үркер» клубы жұмыс істейді» [11].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XXXII сессиясында сөйлеген сөзінде былай деді: «Әкімдіктер (қала, аудан, облыс әкімшіліктері) Қазақстанда «Үйде сөйле» жобасы аясында қазақ тілін үйрену бойынша аула клубтары сияқты бастамаларға барынша қолдау көрсетуі тиіс» [12].

Қарағанды қаласындағы «Қайсар» аула клубының нұсқаушы-әдіскері Р.Н.Якушева былай деп атап көрсетті: «Балалардың бос уақыты – билік алдында ғана емес, сондай-ақ өз балаларының үнемі бақылауда ұстай алмайтын ата-аналардың алдында тұрған өте өткір мәселелердің бірі. Көп жағдайда қылмысты жасөспірімдер өздерінің бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыра алмауы салдарынан жасайды. Балалар өздерімен өздері қалады, ал балалар мен жасөспірімдер тынығу әрекетін өзбетінше дұрыс ұйымдастыра алмайды. Бұл мәселені шешудің жолдары өте көп, әрі ең жақсы және уақытпен тексерілген шешімдердің бірі аула клубтарын ашу болып табылады».

Зерттеу аясында біз екі буын - ата-аналар мен балалар арасында сауалнама жүргізуге шешім қабылдадық. Сондықтан сауалнама екі кезеңде өтті. Сауалнама сандық технологиялар көмегімен, соның ішінде google form арқылы сауалнама жүргізу арқылы ұйымдастырылды.


Сауалнама балалардың бос уақытын ұйымдастыру тәжірибесі мен ата-аналардың көзқарастарын анықтауға бағытталды. Оның құрылымында келесі блоктар қамтылды: балалардың бос уақыттарын өткізу формалары, ата-аналардың баламен бірлескен іс-әрекеттері, аула клубтарының қажеттілігі және үйірмелерге деген қызығушылық.

Іріктеме Шымкент, Семей және Алматы қалаларындағы жалпы білім беретін мектептерден алынды. Қатысушылардың жасы негізінен 9–11 жас аралығын қамтиды (балалардың 74,8%-ы). Жыныстық құрамы шамамен тең болды: қыздар – 51,6%, ұлдар – 48,4%.

Алынған деректер SPSS Statistics бағдарламасында өңделіп, пайыздық көрсеткіштер есептелді. Сонымен қатар ата-аналар мен балалардың жауаптары салыстырмалы түрде талданды, бұл олардың көзқарастарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.


Бірінші кезеңде ата-аналар мен балалардың бос уақыттағы айналысатын әрекеттерін анықтауға бағытталған әлеуметтік сауал жүргізілді. Жауаптар бізді қатты қызықтырды. Бұдан әрі сіздерге ата-аналардың жауаптарын ұсынамыз.

Сауалнамаға 292 ата-ана қатысты. Негізінен 9-11 жас аралығындағы балалардың ата-аналары қатысты – 74,3% (1-сурет).



1-сурет – Ата-аналардың «Сіздің балаңыздың жасы нешеде?» деген сұраққа жауабы

«Сіздің балаларыңыз бос уақыттарын қалай өткізеді?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары келесідей бөлінді (2-сурет)




2-сурет – «Сіздің балаңыз өзінің күнделікті бос уақытын қалай өткізеді?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Диаграммада көріп отырғанымыздай, ата-аналар негізінен келесі жауаптарды таңдады: бірінші орында «таза ауада серуендейді – 40,9%», екінші орында - «достарымен кездеседі – 39,6%» және үшінші орында «теледидар немесе You Tube арналарын қарайды – 36,1%».

Бұл жағдайда ата-аналар таңдаған ұқсас екі жауап нұсқасы кездейсоқ ұсынылған жоқ. Біз көріп отырғанымыздай, тиісті жауапты таңдаған кезде ата-аналардың жауаптарының рұқсат етілген ауытқу шегі 1,3%-ды құрайды. Бұл ата-аналардың өз балаларының «таза ауада жалғыз серуендейтіні» немесе «достарымен бірге серуендейтіндігі» жайлы толық ақпаратқа ие еместігін көрсетеді. Әрбір жауап баланың жеке, психологиялық дамуында, сондай-ақ оның тәрбиесінде белгілі көрсеткіштерге ие.


Одан әрі біз ата-аналардың өз балаларымен бірге бос уақыттарын өткізеді ме, егер өткізсе, қалай өткізетінін білуді мақсат еттік (3-сурет).



3-сурет – Респонденттердің «Сіз бос уақытыңызды балаңызбен өткізесіз бе? Өткізсеңіз бос уақытта қандай бірлескен әрекеттермен шұғылданасыз?» деген сұраққа жауаптары

Сұралған ата-аналардың 65,7%-ы отбасылық мерекелерді бірге өткізетіндерін атап өтті, ал сұралғандардың 18,3%-ы көңіл-күйлеріне қарай әрекет ететіндерін көрсетті. Ең қызығы бұл жерде ата-аналардың көңіл-күйлеріне байланысты. Мұнда сондай-ақ, ата-аналардың тек 7%-ы ғана балалармен мұражайларға, көрмелерге баратындығы біздің назарымызды аударды.

Одан кейінгі сұрақтарды талдай келе біз бірінші сұрақтарға ата-аналар «қалай бар, солай» емес, «қалай дұрыс болады» деген ұстаныммен жауап бергендігі туралы қорытындыға келдік. Бұған жауаптардың келесі диаграммасы дәлел болып табылады (4-сурет).




4-сурет - «Балаңыздың бос уақыттағы қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратындай бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға қандай кедергілер бар деп есептейсіз?» деген сұрақ жауаптары

Бұл сұраққа ата-аналардың 39,1%-ы «уақыттың жетіспеушілігі» деп жауап берсе, 36,1%-ы «тұрғылықты жері бойынша мәдени-тынығу мекемелерінің/қосымша білім беру ұйымдарының жоқтығы» деп жауап берген. 9,1%-ы балалардың виртуалды әлемге тәуелділігі деп жауап берді. Ал ата-аналардың 12,6%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады, бұл өз кезегінде тек материалдық қиындықтар ғана емес, сондай-ақ ата-аналардың өз балаларының бос уақыттағы қызығушылықтары туралы ақпаратқа ие емес екендігін көрсетеді.

Заманауи әлемде ересектердің ұстанымы өз отбасының материалдық игілігін құруға көбірек бағытталғандығының кері жағы да бар, мұны ата-аналардың өздері де теріске шығармайды және 39,1%-ы «уақыттың жетіспеушілігін» көрсетті.

Бұл цифрландырумен, жасанды интеллектпен, қарқынды алға жылжумен қамтылған, әрбір адам жаңаны үйренуге және еңбек нарығының талаптарына барынша сай болуға ұмтылатын әлемде түсінікті де.

Екінші кезеңде біз балалар арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға барлығы 242 бала қатысты. Сондай-ақ олардың басым көпшілігі - 74,8%-ы 9-11 жас аралығындағы балалар (5-сурет).



5-сурет – Респонденттердің жас көрсеткіштері


Балаларға арналған сұрақтар ата-аналарға ұсынылған сұрақтармен ұқсас құрастырылды. Одан әрі салыстыру үшін балалардың жауаптарын келтірейік. «Сен өзіңнің бос уақытыңды өткізу деңгейіне қаншалықты қанағаттанасың?» деген сұраққа балалардың 48,8%-ы толық қанағаттанатынын, ал 45,9%-ы қанағаттанатынын көрсетті. Бірақ өздерінің бос уақытын ұйымдастыру деңгейіне қанағаттанбайтынын көрсеткен жауаптар да болды - 3,3%, және 2,1% -ы мүлдем қанағаттанбайды.

«Бос уақытыңда қандай әрекет түрімен айналысасың?» деген сұрақ бойынша балалардың 30,2%-ы теледидар немесе YouTube арналарын көреді, балалардың 5,8%-ы компьютерлік ойындар ойнайды, ал 11,6%-ы Интернет кеңістігінде өткізеді. Яғни, жалпы алғанда сұралған балалардың 47,6%-ы өздерінің уақыттарын интернет кеңістігінде өткізеді, ал бұл өз кезегінде өскелең ұрпақтың ментальды, психологиялық саулығына алаңдаушылық тудырады.

Сұралған балалардың 62,8%-ы қызығушылықтары бойынша үйірмелерге баратынын көрсетсе, ал енді сұралушылардың 37,2%-ы қызығушылықтары бойынша клубтар мен үйірмелердің мүшелері еместігін көрсеткен.


Респонденттердің 11,2%-ының «Сен қызығушылығы бойынша клубтар мен үйірмелерге неліктен барасың?» деген сұраққа жауаптары алаңдаушылық тудырады. Балалар «жай бос уақытты толтыру үшін» деп жауап берген.

«Өзің тұратын ауданда (аулада) аула клубтарының жұмыс істегенін қалар ма едің?» деген сұраққа балалардың 83,5%-ы «иә» деп жауап берген (6-сурет).




6-сурет – «Өзің тұратын ауданда (аулада) аула клубтарының жұмыс істегенін қалар ма едің?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

«Ия» болса, бұл аула клубтарында қандай үйірмелер мен секциялар жұмыс істегенін қалар едің?» деген сұраққа балалардың 62%-ы спорттық секциялар деген жауапты таңдады. Тұтастай алғанда, ұсынылған жауап нұсқаларының барлығы да таңдалды (7-сурет). Бұл балалардың дамуды, білім алуды, өз талантарын ашуды, шығармашылық дамуды жаңа нәрсені байқап көруді қалайтындарын көрсетеді.



7-сурет – «Ия» болса, бұл аула клубтарында қандай үйірмелер мен секциялар жұмыс істегенін қалар едің?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Одан әрі біз балалардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға қандай кедергілер бар екенін білгіміз келді. «Бос уақытыңды тиімді ұйымдастыруға қандай кедергілер бар деп ойлайсың?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары келесідей бөлінді (8-сурет).



8-сурет – Респонденттердің «Бос уақытыңды тиімді ұйымдастыруға қандай кедергілер бар деп ойлайсың?» деген сұраққа жауаптары

8-суреттен біз балалардың 30,6%-ы «тұрғылықты жері бойынша мәдени-тынығу мекемесінің/қосымша білім беру ұйымының (аула клубтары, студиялар, т.б.) болмауы» деп көрсеткенін көреміз. Сондай-ақ балалар қауіпсіздік мәселелері себебін де таңдаған. Дәл осы туралы А.А. Бочавер өз еңбектерінде жазды. Ата-аналардың қамқорлығы, жолдың қауіпсіздігі, адамдардың агрессивтілігін көрсететін әлеуметтік қауіптер және басқалар.

Балалардың 22,7%-ы «тынығу мекемелеріне жету үшін уақыттың жетіспеушілігін» көрсетті.

Қорытындылай келе, біз ата-аналар (36,1%) мен балалар (30,6%) бос уақытты ұйымдастыруға басты кедергі тұрғылықты жері бойынша мәдени-тынығу мекемесінің/қосымша білім беру ұйымының болмауы екендігін атайтынын көреміз.

Зерттеу нәтижелері ата-аналар мен балалардың бос уақытқа қатысты көзқарастары арасында айқын диссонанс бар екенін көрсетті: ата-аналар балаларын көбіне дәстүрлі серуендеу мен үйірмелерге қатысу арқылы сипаттаса, балалардың бір бөлігі бос уақытын интернет пен цифрлық кеңістікте өткізетінін мойындады. Бұл құбылыс әлеуметтік психологияда қабылдау алшақтығы (perception gap) ұғымымен түсіндіріледі [13; 14]. Яғни ата-аналардың субъективті бағалауы баланың шынайы тәжірибесіне толық сәйкес келмейді. Мұндай алшақтықтың пайда болуына бірнеше фактор әсер етуі мүмкін: ата-аналардың уақыт тапшылығы, урбанизация жағдайында балалардың кеңістік еркіндігінің шектелуі, сондай-ақ ақпараттық технологиялардың күнделікті өмірге терең енуі.

Осы нәтижелер халықаралық зерттеулермен де үндес келеді. Мысалы, Flouri және әріптестері 2023 жылы балалардың әлеуметтік мінез-құлқы олардың ойнайтын кеңістігіне байланысты екенін дәлелдеген. Бұл біздің зерттеуде анықталған аула клубтарының әлеуетін күшейту қажеттігін көрсетеді: олар балалардың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, жағымсыз ықпалдардың орнын конструктивті іс-әрекетпен алмастыра алады.

Өскелең ұрпақтың позитивті әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін тұрғылықты мекен-жай тек аумақ қана емес, қоғамдық-мәдени және білім беру кеңістігіне айналуы тиіс. Бұл кеңістікте отбасы, мектеп, жергілікті қауымдастық және мәдениет мекемелері өзара әрекеттесіп, балаларды әлеуметтендірудің әлеуметтік ортасын құрайды. М.П. Гурьянова [2, 16-б.] тұрғылықты жерді микросоциум ретінде анықтай отырып, онда жеке тұлғаның әлеуметтенуі ғана емес, сондай-ақ десоциализация мен дегуманизация үрдістеріне қарсы тұруға мүмкіндік беретін тәрбиелік орта құрылатынын атап өтеді.

Баланың әлеуметтік тәжірибесін жинақтауына аула мен көше ортасы да ықпал етеді. А.А. Бочавер [15] жүргізген зерттеулерде балалардың сүйікті орындары жас, жыныс және әлеуметтік шектеулерге байланысты ерекшеленетіні көрсетілген. Бұл тұрғыдан алғанда, қалалық балалардың кеңістікті игеру мүмкіндіктері ауылдық балаларға қарағанда шектеулі. Мұндай айырмашылықтар олардың бос уақытты ұйымдастыру тәсілдеріне, әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесіне және тұлғалық даму ерекшеліктеріне әсер етеді.

Осы контексте аула клубтары балалардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне жағдай жасап қана қоймай, олардың әлеуметтік капиталын арттырудың, жағымды әлеуметтік нормаларды меңгерудің және қауымдастық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл клубтардың қызметі балаларды түрлі жағымсыз ықпалдардан қорғап, олардың цифрлық ортаға шамадан тыс тәуелділігін теңгеруге, жасөспірімдер арасындағы теріс мінез-құлықтың алдын алуға бағытталуы тиіс. Демек, аула клубтары тек қосымша білім беру немесе ойын-сауық алаңы ғана емес, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік интеграция мен тәрбиенің маңызды институты ретінде қарастырылуы қажет.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері балалардың бос уақытын ұйымдастыруда ата-аналар мен балалардың көзқарастарында айқын айырмашылық бар екенін көрсетті. Ата-аналар дәстүрлі іс-әрекеттерді қолдаса, балалардың бір бөлігі бос уақытын цифрлық кеңістікте өткізетінін атап өтті.

Аула клубтарының қызметі балалардың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуге, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға және жағымсыз ықпалдардың алдын алуға ықпал ететіні анықталды. Бұл клубтар жергілікті қауымдастық пен отбасының тәрбиелік әлеуетін күшейтетін маңызды әлеуметтік институт болып табылады.

Зерттеу қазақстандық контексте ата-аналар мен балалар арасындағы бос уақытты қабылдау алшақтығын алғашқылардың бірі болып көрсетті. Бұл ғылыми тұрғыдан әлеуметтену процесін тереңірек түсінуге және педагогикалық қолдаудың жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

- Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін аула клубтарының желісін кеңейту;

- Аула клубтарының жұмыс мазмұнын заманауи балалардың қызығушылықтарына бейімдеу (шығармашылық, спорттық, цифрлық сауаттылық бағыттары);
- Қауымдастық пен ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді тарту;
- Жергілікті билік органдары тарапынан материалдық-техникалық қолдауды күшейту.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Zaharieva V. Media content analysis on school violence and aggression in Bulgaria // *Strategies for Policy in Science and Education-Strategii na Obrazovatel'nata i Nauchnata Politika*. – 2021. – Vol. 29, №4s. – P. 127-137. <https://doi.org/10.53656/str2021-4s-14-media>
2. Гурьянова М.П. Развитие социально-педагогической деятельности с детьми и семьями в пространстве места жительства: монография. – М.: ФГБНУ «ИИДЦВ РАО», 2018. – 155 с.
3. Мудрик А.В. Социализация: новации последних десятилетий // *Сибирский педагогический журнал*. – 2023. – №3. – С. 6–15. https://doi.org/10.15293/1813_4718.2303.0
4. Keikha M., Qorbani M., Kazemi Tabae MS., Djalalinia S., Kelishadi R. Screen Time Activities and Aggressive Behaviors Among Children and Adolescents: A Systematic Review // *International journal of preventive medicine*. – 2020. – Т. 11, №1. https://doi.org/10.4103/ijpvm.IJPVM_71_20
5. Flouri E., Mueller M., Idsøe T., Nærde A. Outdoor play areas in childcare settings and children's physical aggression: A longitudinal study of Norwegian kindergartens // *European Journal of Developmental Psychology*. – 2022. – №20(2). – P. 307–326. <https://doi.org/10.1080/17405629.2022.2087628>
6. Коджаспирова Г.М. Педагогическая антропология: учебное пособие. – М.: Гардарики, 2005. – 287 с.
7. Мануйлов Ю.С. Средовой подход в воспитании. – 2-е изд., перераб. – М.; Н.Новгород: Изд-во Волго-Вятской академии государственной службы, 2002. – 157 с.
8. Хрестоматия по истории педагогики / сост. И.Е. Лакин [и др.]. – Минск: «Выэйш школа», 1971. – 608 с.
9. Мануйлов Ю.С. Средовой подход в воспитании: автореф. ... док. пед. наук. – М., 1998. – 49 с.
10. О проекте Закона Республики Казахстан «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан». [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300001393> (дата обращения 15.06.2025)
11. Как дворовые клубы помогают столичным детям раскрывать таланты. [Электронный ресурс]. URL: [Optimism.kz](https://optimism.kz) (дата обращения 15.06.2025)
12. Токаев поручил акиматам активно поддерживать дворовые клубы по изучению казахского языка. [Электронный ресурс]. URL: <https://fergana.agency/news/129952/> (дата обращения 15.06.2025)
13. Eriksen I.M., Seland I. Conceptualizing Well-being in Youth: The Potential of Youth Clubs // *Young*. – 2021. – Т. 29, №2. – P. 175-190. <https://doi.org/10.1177/1103308820937571>
14. Kravtsova I., Shpachuk I. Youth Clubs as a Component Extracurricular Education and Education Teenagers and Youth // *Pedagogy of Higher and Secondary Education*. – 2005. – Т. 12. – P. 218-223. <https://doi.org/10.31812/educdim.5610>
15. Бочавер А.А., Поливанова К.Н., Павленко К.В. Гулять или не гулять? Как современные родители организуют независимую мобильность детей // *Городские исследования и практики*. – 2020. – Т. 5, №3. – С. 38-53.

REFERENCES

1. Zaharieva V. Media content analysis on school violence and aggression in Bulgaria // *Strategies for Policy in Science and Education-Strategii na Obrazovatel'nata i Nauchnata Politika*. – 2021. – Vol. 29, №4s. – P. 127-137. <https://doi.org/10.53656/str2021-4s-14-media>
2. Gurianova M.P. Razvitie socialno-pedagogicheskoi deiatelnosti s detmi i semiami v prostranstve mesta zhitelstva: monografia [The development of social and pedagogical activities with children and families in the space of the place of residence: monograph]. – М.: FGBNU «IIDSV RAO», 2018. – 155 s. [in Russian]
3. Mudrik A.V. Socializacia: novacii poslednih desiatileti [Socialization: innovations of the last decades] // *Sibirski pedagogicheski zhurnal*. – 2023. – №3. – S. 6–15. https://doi.org/10.15293/1813_4718.2303.0 [in Russian]

4. Keikha M., Qorbani M., Kazemi Tabae MS., Djalalinia S., Kelishadi R. Screen Time Activities and Aggressive Behaviors Among Children and Adolescents: A Systematic Review // International journal of preventive medicine. – 2020. – T. 11, №1. https://doi/10.4103/ijpvm.IJPVM_71_20
5. Flouri E., Mueller M., Idsøe T., Nærde A. Outdoor play areas in childcare settings and children's physical aggression: A longitudinal study of Norwegian kindergartens // European Journal of Developmental Psychology. – 2022. – №20(2). – P. 307–326. <https://doi.org/10.1080/17405629.2022.2087628>
6. Kodzhaspirova G.M. Pedagogicheskaya antropologiya: uchebnoe posobie [Pedagogical Anthropology: a textbook]. – M.: Gardariki, 2005. – 287 s. [in Russian]
7. Manuilov Iu.S. Sredovoi podhod v vospitanii [The environmental approach to education]. – 2-e izd., pererab. – M.; N.Novgorod: Izd-vo Volgo-Viatskoi akademii gosudarstvennoi sluzhby, 2002. – 157 s. [in Russian]
8. Hrestomatia po istorii pedagogiki [A textbook on the history of pedagogy] / sost. I.E. Lakin [i dr.]. – Minsk: «Vyeish shkola», 1971. – 608 s. [in Russian]
9. Manuilov Iu.S. Sredovoi podhod v vospitanii: avtoref. ... dok. ped. nauk [The environmental approach in education: an abstract]. – M., 1998. – 49 s. [in Russian]
10. O proekte Zakona Respubliki Kazahstan «O gosudarstvennoi molodezhnoi politike v Respublike Kazahstan» [About the draft Law of the Republic of Kazakhstan “On State Youth Policy in the Republic of Kazakhstan”]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300001393> (date of access 15.06.2025) [in Russian]
11. Kak dvorovye kluby pomogaiut stolichnym detiam raskryvat talanty [How yard clubs help children in the capital to discover their talents]. [Electronic resource]. URL: [Optimism.kz](https://optimism.kz) (date of access 15.06.2025) [in Russian]
12. Tokaev poruchil akimatam aktivno podderzhivat dvorovye kluby po izucheniu kazahskogo iazyka [Tokayev instructed akimats to actively support yard clubs for learning the Kazakh language]. [Electronic resource]. URL: <https://fergana.agency/news/129952/> (date of access 15.06.2025) [in Russian]
13. Eriksen I.M., Seland I. Conceptualizing Well-being in Youth: The Potential of Youth Clubs // Young. – 2021. – T. 29, №2. – P. 175-190. <https://doi.org/10.1177/1103308820937571>
14. Kravtsova I., Shpachuk I. Youth Clubs as a Component Extracurricular Education and Education Teenagers and Youth // Pedagogy of Higher and Secondary Education. – 2005. – T. 12. – P. 218-223. <https://doi.org/10.31812/educdim.5610>
15. Bochaver A.A., Polivanova K.N., Pavlenko K.V. Guliat ili ne guliat? Kak sovremennye roditeli organizuiut nezavisimuiu mobilnost detei [To walk or not to walk? How modern parents organize independent mobility of children] // Gorodskie issledovania i praktiki. – 2020. – T. 5, №3. – S. 38-53. [in Russian]

Yard Clubs in the Child-Rearing System: Experience in Researching Needs and Perspectives

Abstract. In the context of rapid digitalisation and the dominance of online communication, modern children face new challenges in the process of socialisation. Increasing dependence on gadgets and the virtual world negatively affects the development of empathy, emotional intelligence, and the value orientations of the younger generation. This study aims to identify the key role of neighbourhood youth clubs as a significant factor in children's socialisation and upbringing. The methodological foundation of the research is the environmental approach, which allows for a comprehensive analysis of the influence of surroundings on a child's personality development. The study involved an in-depth analysis of scientific literature and the regulatory framework governing the activities of youth and adolescent associations. In addition, a sociological survey was conducted among both parents and children to identify their perceptions of leisure activities and existing barriers. The collected data clearly indicate that one of the main obstacles to full and engaging leisure time, according to both groups of respondents, is the lack of cultural and recreational facilities in residential areas. At the same time, there is a high level of interest among children in the functioning of neighbourhood clubs, particularly in organising sports sections and creative activities.

Based on the data analysis, the study concludes that neighbourhood clubs possess significant, yet underutilising potential for creating a favourable educational environment. These clubs can serve as a platform for the development of socially important qualities, effective resistance to the negative impact of the digital environment, and the organisation of meaningful and productive leisure time for children and adolescents within their immediate community.

The article highlights the need for systematic governmental and community support for neighbourhood clubs as an important tool for strengthening families and developing local communities.

Keywords: community club, sociological survey, leisure, cultural and leisure institution, supplementary education.

Дворовые клубы в системе воспитания детей: опыт исследования потребностей и перспектив

Аннотация. В условиях стремительной цифровизации общества и доминирования онлайн-коммуникаций, современные дети сталкиваются с новыми вызовами в социализации и воспитании. Возрастающая зависимость от гаджетов и виртуального мира негативно сказывается на формировании эмпатии, эмоционального интеллекта и ценностных ориентаций подрастающего поколения. Данное исследование нацелено на определение ключевой роли дворовых клубов как значимого фактора в процессе социализации детей и их воспитании. Методологической основой работы послужил средовой подход, позволивший всесторонне изучить влияние окружения на развитие личности ребёнка. В рамках исследования был проведён комплексный анализ научной литературы, нормативно-правовой базы, регулирующей деятельность детских и подростковых объединений. Кроме того, осуществлён социологический опрос как среди родителей, так и среди детей, направленный на выявление их представлений об организации досуга и существующих препятствиях. Полученные данные убедительно показали, что одним из основных барьеров для полноценного и интересного досуга, по общему мнению, обеих групп респондентов, является недостаток культурно-досуговых учреждений по месту жительства. При этом выявлена высокая заинтересованность детей в функционировании дворовых клубов, особенно в части организации спортивных секций и творческих занятий. На основе проведённого анализа данных делается вывод о том, что дворовые клубы обладают значительным, но недооценённым потенциалом для формирования благоприятной воспитательной среды. Они способны стать платформой для развития социально-значимых качеств, эффективного противодействия негативным влияниям цифрового пространства и организации насыщенного, продуктивного досуга детей и подростков в их непосредственном микросоциуме. Статья подчёркивает необходимость системной государственной и общественной поддержки дворовых клубов как важного инструмента укрепления семьи и развития местного сообщества.

Ключевые слова: дворовый клуб, социологический опрос, досуг, культурно-досуговое учреждение, дополнительное образование.

Авторлар туралы мәлімет

Уалиханова А. – корреспондент-автор, PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, e-mail: u_ainura@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.

Дарибаева Р.Д. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, e-mail: Daribaeva_R57@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.

Толегенова К.К. – аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, e-mail: tolegenova63.63@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.

Information about the authors

Ualikhanova A. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, e-mail: u_ainura@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.

Daribaeva R.D. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan Research University, e-mail: Daribaeva_R57@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.

Tolegenova K.K. – Senior Lecturer, M. Auezov South Kazakhstan Research University, e-mail: tolegenova63.63@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.

Сведения об авторах

Уалиханова А. – автор-корреспондент, PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауезова, e-mail: u_ainura@mail.ru, Казахстан, г. Шымкент.

Дарибаева Р.Д. – кандидат педагогических наук, доцент, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауезова, e-mail: Daribaeva_R57@mail.ru, Казахстан, г. Шымкент.

Толегенова К.К. – старший преподаватель, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауезова, e-mail: tolegenova63.63@mail.ru, Казахстан, г. Шымкент.